

«Мұхамеджан Тынышпаев атындағы АЛТ Университеті» АҚ

БЕКІТЕМІН
АЛТ Университеті Ғылыми кеңесінің төрағасы
 М.С. Жармағамбетова
«АЛТ Университеті» Ғылыми кеңесінің шешімі
2026 жылғы «30» сәуір (хаттама №8)



ДОКТОРАНТУРАҒА ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
Профиль бағыты

D147 Тасымалдау процесін ұйымдастыру

8D11361 – Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану

Алматы 2026 ж.

Сұхбат бағдарламасы «Көлік қызметтеі және бизнес» кафедрасының
мәжілісінде талқыланып, оң шешім алды, 2026 жылғы « 30 » наурыздағы №7 хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Мусалиева Р.Д.

Сұхбат бағдарламасы «Логистика және бизнес» институты Кеңесінің
мәжілісінде қаралып, ұсынылды, 2026 жылғы «21» сәуірдегі № 8 хаттама

Институт кеңесінің төрағасы _____ Даубаев Қ.Ж.

МАЗМҰНЫ

1	Түсу емтиханының мақсаты	4
2	Түсу емтиханын өткізу форматы мен регламенті	4
3	Бағалау түрлері мен критерийлері	4
3.1	Электрондық емтихан билетінің сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау критерийлері	4
3.2	Сұхбаттасуды бағалау критерийлері	5
3.3	Кәсіпорын мен ұйымнан ұсыныс хат	6
4	Емтихан материалдарының мазмұны	6
4.1	Сұхбаттасу сұрақтарының мазмұны	7
4.2	Түсу емтиханына шығарылатын блоктар бойынша бөлімдердің мазмұны	7
4.3	Сұхбаттасу сұрақтары	7
5	Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	8
5.1	Негізгі әдебиеттер	8
5.2	Қосымша әдебиеттер	8

1. ТҮСУ ЕМТИХАНЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Түсу емтиханының мақсаты – докторантураға түсушінің теориялық және практикалық дайындық деңгейін анықтау, сондай-ақ оның білімі, білігі мен дағдыларының даярлық бағыты бойынша оқыту талаптарына сәйкестігін бағалау.

Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы келесі блоктардан тұрады:

1. емтихан комиссиясы өткізетін түсушімен сұхбаттасу;
2. білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар;
3. кәсіпорыннан немесе ұйымнан ұсыныс хаттың болуы.

2. ТҮСУ ЕМТИХАНЫН ӨТКІЗУ ФОРМАТЫ МЕН РЕГЛАМЕНТІ

Түсу емтиханының ұзақтығы – 2 сағат 30 минут, осы уақыт ішінде түсуші сұхбаттасудан өтеді және 3 сұрақтан тұратын электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұрақтар тізбесі кездейсоқ тәртіппен қалыптасады. Түсу емтиханының максималды балы – 80 балды құрайды, оның ішінде БББ (білім беру бағдарламаларының) тобының бейіні бойынша емтихан – 50 балл, сұхбаттасу – 30 балл.

3. БАҒАЛАУ ТҮРЛЕРІ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІ

3.1 Электрондық емтихан билетінің сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау критерийлері

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан 3 сұрақ блогын қамтиды, оның ішінде: 1-сұрақ теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды; 2-сұрақ функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін айқындайды; 3-сұрақ жүйелік құзыреттіліктерді анықтауға бағытталған. Максималды балл саны - 50.

Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блоктар	Сұрақтың сипаты	Балдар саны
1-ші сұрақ	теориялық сұрақ – теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды;	10
2-ші сұрақ	практикалық сұрақ – функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін айқындайды (пәндік салада әдістемелерді, технологиялар мен техникаларды қолдана білу)	20
3-ші сұрақ	зерттелетін пәндік саланың жүйелі түсінігін, зерттеу методологиясы (әдіснамасы) саласындағы мамандандырылған білімді айқындайды (жүйелік құзыреттіліктер)	20
БАРЛЫҒЫ		50

Электрондық емтихан билетінің сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау критерийлері:

Сұрақ	Бағалау критериясы	Балдар саны
1-й вопрос	зерттелетін пәндік саланың негізгі процестері туралы білімін көрсетеді; сұрақтың ашылу тереңдігі мен толықтығы	5
	талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін қисынды (логикалық тұрғыдан) және жүйелі түрде білдіреді	3
	ұғымдық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Барлығы	10
2-й вопрос	пәндік саладағы мәселелерді шешу үшін әдістерді, техникалар мен технологияларды қолданады	7
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді (аргументтейді), салыстырады, жіктейді; практикалық дағдылар негізінде қорытындылар мен жалпылаулар жасайды	7
	әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды	6
	Барлығы	20
3-й вопрос	теориялық және практикалық әзірлемелерді, ғылыми тұжырымдамаларды (концепцияларды) және ғылым дамуының заманауи үрдістерін сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	7
	пәндік білімнің негізгі мәселелерін пайымдауда (интерпретациялауда) әдіснамалық (методологиялық) тәсілдерді жинақтайды (синтездейді)	7
	выявляет причинно-следственные связи при анализе процессов, явлений, событий	6
	Барлығы	20
	ЖАЛПЫ	50 бал

3.2 Сұхбаттасуды (энгімелесуді) бағалау критерийлері

№	Критериялар	Дескрипторлар	Балдар
1.	Мотивация	Тіркелген (таңдалған) БББ бойынша докторантурада оқу және белгілі бір жоғары оқу орнына түсу уәждерін (мотивтерін) негіздеу (аргументтеу). Оқуды аяқтағаннан кейінгі кәсіби және тұлғалық өсу перспективаларын пайымдау	5
2	Зерттеу құзыреттілігі	Нақты пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметіне қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеру	10
3.	Креативтілік	Ойлаудың стандартты еместігі (бейстандарттығы), мәселелерді, жағдаяттық тапсырмаларды шешудегі шығармашылық және баламалы тәсілдер	10
4.	Коммуникативтік	Өз көзқарасын қысқа, көрнекі (репрезентативті), қисынды (логикалық тұрғыдан) және дәлелді (аргументті) түрде	5

		жеткізе білу, жалпылаулар мен қорытындылар жасау. Тілдерді меңгеру деңгейі	
Максималды балл саны			30

3.3 Кәсіпорыннан немесе ұйымнан ұсыныс хат

Бейіні бойынша докторантураға түсу үшін кәсіпорыннан немесе ұйымнан ұсыныс хат ресми бланкіде ресімделуі, нақты мәліметтерді қамтуы және компанияның үміткерді оқытуға мүдделілігін растауы тиіс.

4. ЕМТИХАН МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

4.1 Түсу емтиханына шығарылатын блоктар бойынша бөлімдердің мазмұны

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсу емтихандарына арналған емтихан материалдары, бейіндік емтихан сұрақтары үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалған. Емтихан сұрақтарының тақырыптары білім беру бағдарламаларының топтары бойынша көзделген циклдардың оқу бағдарламаларынан іріктелген бөлімдерге сәйкес келеді. 8D11361 – Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану

№	Наименование дисциплин
1	Басқарушылық шешімдерді қабылдау әдістері
2	Көлік жүйелеріндегі инновациялар
3	Келісімшарттық-коммерциялық жұмыс
4	Көлік қауіпсіздігі
5	Тасымалдауды ұйымдастырудың заманауи проблемалары
6	Көлік ағындарын жоспарлау және ұйымдастыру

4.2 Түсу емтиханына шығарылатын блоктар бойынша бөлімдердің мазмұны

1-блок.

1.1 Тасымалдау процесіндегі теориялық білімнің жүйелілігі Кіріспе, даму тарихы, тасымалдау процесі ұғымы. Жүкті жеткізудің бүкіл тізбегін кешенді талдауды және көлікті тасымалдауға дайындауды ескере отырып, міндеттерді шешу тәсілдері. Тасымалдау жүйесінің негізгі операциялары. Көлік жүйесінің мақсаттары мен міндеттері. Тасымалдау процестерін талдау және жақсарту үшін математикалық модельдерді, басқару теориясын, оңтайландыру теориясын қолдану.

1.2 Логистикалық басқару құрылымдарын қалыптастыру тәсілдері Уақтылы және үнемді жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында көлік логистикасын басқару, жүк тасымалдауды жоспарлау, ұйымдастыру және бақылау. Халықаралық логистикалық операциялар, әртүрлі елдердің ерекшеліктерін, құқықтық нормаларын, валюталық тәуекелдерін және мәдени айырмашылықтарын ескере отырып, стандартты әдістерді бейімдеу. Компанияның мақсаттарына және ерекшеліктеріне оңтайлы жауап беретін ұйымдастырушылық модельді таңдау кезінде логистикалық басқару құрылымдарын қалыптастыру.

2-блок.

2.1 Бағыттар бойынша (салалар бойынша) жүкті тасымалдаудың әдістері мен модельдері Көлік ағындарын математикалық модельдеуге кіріспе. Логистикалық тізбектерді көлікпен қамтамасыз етудің тиімділігі. Жеткізу тізбектеріндегі қорларды бірлесіп жоспарлау, болжау және толықтыру технологиялары. Жеткізу тізбегіндегі қамшы эффектісі (Bullwhip effect) және тұрақтылық проблемасы. Бөліп-тарату (дистрибьюторлық) орталықтарының қатысуымен материалдық ағынға қызмет көрсету моделі.

2.2 Жеткізу тізбектерін интеграцияланған жоспарлау Жеткізу тізбегі буындарын ұйымдастырушылық-экономикалық жобалауға логистикалық тәсіл. Жобаларды басқару. Автокөлік ұйымдарының экспедиторлық операциялары. Көлік кәсіпорындарындағы тәуекелдерді басқару жүйелері.

3-блок.

3.1 Тасымалдау процесіндегі зерттеу әдіснамасы және жұмыстарды кешенді жоспарлау Көлік жүйесінің тұтастығын анықтайтын мән мен факторларды кешенді зерттеу. Көлік-логистикалық кешендерінің жұмысын модельдеу принциптері. Көлік тораптарындағы өзара іс-қимыл процестері. Көлік тораптарының жұмыс істеу сапасының негізгі сипаттамалары. Ұлттық көлік қызметтері нарығын кешенді бағалау.

3.2 Трансконтиненталдық тасымалдарды жүзеге асыру саласындағы Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін дамыту. Еуразия құрлығындағы халықаралық экономикалық байланыстардың жаһандануы. Әлемдік ауқымда жаңа транзиттік дәліздердің пайда болу себептері және оларды негіздеу. Қазақстан Республикасының транзиттік-көліктік әлеуетін дамыту. Логистикалық процестердің өзара іс-қимылын модельдеу. Халықаралық тасымалдарды көліктік-экспедиторлық қызметпен қамтамасыз етуге қойылатын халықаралық талаптар.

4.3 Сұрақтар тізімі

1. Таңдалған ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттары
2. Болашақ зерттеуіңіздің таңдалған тақырыбы мен объектісінің таңдалуын негіздеңіз. Осы бағытта зерттеу жүргізудің өзектілігі қаншалықты жоғары?
3. Теміржол көлігін дамытудың заманауи үрдістері
4. Көлік қызметтеріндегі инновациялық технологиялар
5. Көліктегі қауіпсіздік
6. Халықаралық көлік дәліздері және олардың маңызы
7. Көлік процестерінің тиімділігін бағалау
8. Жолаушылар тасымалын ұйымдастыруға қойылатын талаптар
9. Теміржол жүйесіндегі логистика және көлік дәліздері
10. Жүк теміржол тасымалын ұйымдастыру
11. Халықаралық стандарттар және теміржолдарды интеграциялау
12. Пойыздар қозғалысын жоспарлау және диспетчерліктеу
13. Экологиялық аспектілердің тасымалды ұйымдастыруға әсері
14. Тасымалдау операцияларын ұйымдастырудағы жасанды интеллект
15. Көлік қызметтерінің сапасын басқару
16. Көлік инфрақұрылымының негіздері және оны дамыту
17. Теміржол саласындағы тәуекелдерді басқару
18. Билеттерді брондау және сату процестерін цифрландыру

19. Интермодальды және құрамдастырылған (комбинирленген) технологияларды қолдана отырып тасымалдау
20. Жоғары жылдамдықты және магистральдық жүк қозғалысын дамыту келешегі

5. ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

5.1 Негізгі әдебиет

1. Методология исследований и развития технологий эксплуатации автомобильного транспорта: учеб. пособие /С.М. Мороз, А.Н. Ременцов. – М.: МАДИ, 2013. – 216 с.
2. Комкин А.С., Лопарев А.А. История и методология транспортной науки: Учебно-методическое пособие для обучающихся на инженерном факультете по направлениям подготовки 23.04.03 – Эксплуатация транспортно-технологических машин и комплексов и 35.04.06 – Агроинженерия. – Киров: Вятская ГСХА, 2018. – 73 с
3. Транспортная логистика (II часть): // ЕНУ им. Л.Н. Гумилева / Т.Б. Сулейменов, М.И. Арпабеков - Астана, 2012 - 211 с
4. Организация транспортных услуг и безопасность транспортного процесса: учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по направлению подготовки бакалавров «Технология транспортных процессов» / Н. В. Пенъшин. – Тамбов : Изд-во ФГБОУ ВПО «ТГТУ», 2014. – 476 с.
5. Управление грузовой и коммерческой работой на железнодорожном транспорте : учебно-метод. пособие / О. В. Молчанова, И. С. Плахотич. – Екатеринбург: УрГУПС, 2019. – 183 с.
6. Транспортная логистика (I часть): Учебник./ ЕНУ им. Л.Н. Гумилева / Т.Б. Сулейменов, М.И. Арпабеков - Астана, 2012 , - 211 с.
7. Теория транспортных процессов и систем: учебник для академического бакалавриата / А. Э. Горев. — 2-е изд., испр. и доп. — М.: Издательство Юрайт, 2017. — 217 с
8. Витвицкий Е.Е. Теория транспортных процессов и систем (Грузовые автомобильные перевозки): учеб. пособие: Омск: СибАДИ, 2010. - 207 с.
9. Общий технико-экономический курс железных дорог: Учебник/ Под ред. Д. А. Мачерета – М.: РУТ (МИИТ), 2017. – 364 с
10. Экономика на автомобильном транспорте: учеб. пособие / Н.В. Напхоненко; Южно-Российский государственный политехнический университет (НПИ) имени М.И. Платова. – Новочеркасск: ЮРГПУ (НПИ), 2015. – 169 с.
11. Терёшина Н.П., Подсорин В.А., Данилина М.Г. Экономика железнодорожного транспорта: Учебное пособие – М.: МГУПС (МИИТ), 2017. – 262 с.
12. Транспортное планирование: формирование эффективных транспортных систем крупных городов: монография / Ю.В. Трофименко, М.Р. Якимов. – М.: Логос, 2013. – 464 с.

5.2 Қосымша әдебиет

1. Неруш Ю.М. Логистика: теория и практика проектирования: Учебник и практикум. / Ю.М. Неруш, С.А. Панов, А.Ю. Неруш. - М.: Юрайт, 2019. - 422 с.
2. Степанов В.И. Логистика: учебник / В.И. Степанов. - М.: Проспект, 2016.- 488 с.
3. А.М. Гаджинский Логистика. М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К» - 2016. -308 с.
4. Милославская С.В. Транспортные системы и технологии перевозок: учебное пособие / С.В. Милославская, Ю.А. Почаев. - М.: ИНФРА-М, 2017.- 116 с.
5. Троицкая Н.А. Транспортно-технологические схемы перевозок отдельных видов грузов: учебное пособие / Н.А. Троицкая, М.В. Шилимов. - М.: КНОРУС, 2016.- 232 с.